

танытылады. Сонымен қатар, білім алушылардың құқықтық пәндерден алған білімдерін тез, орынды пайдалану нәтижесінде, мысалы заңдардың жеке-леген баптарын талқылау барысында мәселеге қатысты өз ойларын қазақ тілінде білдіру, көзқарастарын дәлелдей білу, сын көзбен қарау арқылы логикалық ақыл-ойлары жетілдіріле түседі.

Тыңдаушылардың құқықтық пәндерден алған білімдері мен тәжірибелеріне сүйеніп оқыту нәтижесінде сабақтың құндылығы, маңыздылығы арта түседі. Оқу үдерісін жандандырып, заң, құқық терминдерін жоғары дәрежеде қабылдап, пәндер арасындағы дидактикалық байланыстардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді. Пәнаралық байланыс жаңа материалды бекітуді түрлендіруге, жаңаны ескімен салыстырып, негізгі мәселені таба білуге дағдыландырады, логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

«Қазақстан Республикасының Сот және Прокуратура органдары» атты тақырыппен жұмыс барысында ең алдымен осы салаға қатысты заңдармен жұмыс жүргізіледі. Атап айтқанда, сот жүйесіндегі негізгі тақырыптық ұғымдар мен тіркестерге, мысалы Жоғарғы сот, аудандық, қалалық, әскери соттар, алқабилер соты, сот орындаушысы, Прокуратура органдары сияқты мәселелерге назар аудартылып, кәсіби терминологияны меңгерту мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл тақырып конституциялық құқық, мемлекет және құқық теориясы пәндерімен тығыз байланыста қарастырылады. Еліміздің сот жүйесінде болып жатқан реформалар, қазақтың билер соты, соңғы кезде, атап айтқанда, 2007 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының алқабилер туралы» Заңының жеке-леген баптарымен танысу нәтижесінде тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілі ұстартылып, танымдық қабілеттері дамып, өз ой-пікірлерін еркін, дәлелді түрде жеткізе білу дағдылары қалыптасады. Тыңдаушылардың сөйлесім дағдыларын қалыптастырудың үлгісі ретінде оларға төмендегі қанатты сөздер бойынша өзара пікірлесуді ұсынуға болады. Мысалы, «Жазылмаған кейбір заңдар, жазылған заңдардан да қатаңырақ», «Екі жақты тыңдап алмай қабылданған шешім әділетті болған күнде де әділетсіздік туғызады», «Тура биде туған жоқ» т.б. Тарихтан бастау алатын билер сотының қазіргі кездегі көрінісі – алқа билер жүйесіндегі сот болып табылады. Алқа билер соты, ең алдымен, жеке адамның құқығының қорғалу кепілдігінің басым болуын көздейді.

Тақырып бойынша кәсіби терминологияны меңгерту барысында құқықтың әр саласына тән ұғымдармен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Сөздер мен сөз тіркестерінің антонимдік, синонимдік қатарларын игертумен қатар, ойтүрткі мәселелер, жағдаяттық тапсырмалар арқылы тіл үйренушілердің кәсіби сөйлеу тілін дамыта аламыз.

Кәсіби тілді әдеби тіл нормалары мен заңдылықтары тұрғысынан қарастыратын болсақ, оның әдеби, ұлттық тілдің бір бөлігі екендігін және құрамында белгілі бір мамандықтың негізгі ұғымдарын

білдіретін терминдер бар екендігін байқауға болады. Мысалы, құқықтың түрлі саласын алып қарастырсақ, азаматтық құқықта: талапкер, азаматтық іс, азаматтық мойынсұнбау, сенімхат, авторлық құқық т.б.; қылмыстық құқықта: қылмыстық іс, жаза, кінә, пара, рақымшылық, ұрлық, бұзақылық, алаяқтық, қажетті қорғаныс; қаржы құқығы саласында: қаржы жүйесі, ұзақмерзімді несие, жинақтаушы қор, ақша бірлігі, банк жүйесі т.б.

Кәсіби лексикамен жұмыс барысындағы пәнаралық байланыстың маңызы зор, себебі тіл үйренушілердің құқықтық пәндерден алған білімдеріне сүйеніп оқыту нәтижесінде олардың кәсіби тілдерін әрі қарай дамытуға қол жеткізіледі.

Кәсіби лексиканы оқытудың басты мақсаты – болашақ мамандарды қызметтерінде қолданатын лексикамен жақын таныстыру, сөйлеу, жазу, оқу дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби лексикамен жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Лексиканы игеру арқылы тіл үйренуші сол тілде ойлау және сөйлеу әрекетін дамытуға мүмкіндік алады.

Қазіргі кездегі әлемді алаңдатып отырған терроризм мен діни экстремизм мәселесі ерқашан құқық қорғау органдарының назарында. Құқықтық жағынан алып қарастырғанда, жаңа діни қозғалыстардың мәні адамның бостандығын, ар-намысын қорлау, тұлғаның құқықтарын аяққа басып, таптау әрекетінен байқалады. Мұндай қозғалыстар еліміздің Конституциясына, қолданыстағы заңнамасына, оның ішінде дін және мемлекеттің өзара қарым-қатынасына қатысты теріс көзқарас, пікірде болып, құқыққа қарсы әрекет жасап, тіпті қылмыстық әрекетке дейін барады.

Мамандандырылған жоғары оқу орны болып табылатын ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясында терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес саласы үшін мамандар дайындау барысында терроризмнің табиғи тарихы, негіздері, ерекшеліктері, мақсаттары, әдіс-айлалары, тәсілдері, адамзатқа, қоғам, мемлекетке орны толмас зиян-зардап әкелетіні, терроризм мен экстремизмге қарсы қауіпсіздік органдарының нақтылы іс-шаралары, күш пен құралдары, әдіс, әдістемелері, сондай-ақ халықаралық терроризм мен террорлық ұйымдардың нақтылы құрылымдық әрекеттері туралы терең, жан-жақты іс-тәжірибелік және теориялық мәліметтерді қамтитын дәрістер беріледі.

Тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін «Терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес» тақырыбы бойынша дымытуды ұлттық қауіпсіздік салаларымен ұштастырып қарастырайық. Тақырып көлеміндегі кәсіби лексика мен кәсіби терминологияны меңгерту тіл дамытудың негізі болып табылатындықтан, оқу үдерісінің алғашқы кезеңдерінен бастап жүзеге асырылады.

Тақырыпқа қатысты сөздік қордың негізгі бөлігін 1999 жылы 13 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Терроршылдыққа қарсы күрес туралы» Заңындағы негізгі ұғымдар, терминдер, мәтіндер құрайды.

Тақырып бойынша сұрыпталған лексикаға төмендегі сөздер мен сөз тіркестері жатады. Атап айтқанда: терроризм, халықаралық террористік іс-әрекет, террористік ұйым, үрей, үрейлендіру, жарылыс жасау, адамды кепілдікке алу, қауіп төндіру, мүліктік залал, діни экстремизм, жарылғыш заттар, қастандық, зақымдау, зорлық, кек алу т.б. Занда берілген негізгі ұғымдар бойынша түрлі тапсырмалар орындау арқылы тіл үйренушілердің сауатты жазу, өз ойын дұрыс, еркін жеткізе білу, құқықтық пәндерден алған білімдерін қазақ тілімен ұштастыру дағдысы қалыптасады.

Кәсіби лексикамен жұмыс барысында пәнаралық байланысқа ерекше мән беріледі.

Бұл орайда төмендегі жаттығулар жүйесін ұсынуға болады:

- сөздердің баламасын табу;
- сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру;
- заң терминдеріне түсініктеме беру;
- сөйлем мен сөз тіркестерін құрау;
- мағыналас, сондай-ақ қарама-қарсы мағыналы сөздерді жазу т.б.

«Терроризм мен экстремизмге қарсы күрес» тақырыбы бойынша игерілетін сөздік қорды байыту нәтижесінде тыңдаушылардың дүниетанымы кеңейтіліп, қазақ тілі шын мәнінде болашақ мамандардың өмір қажеттілігіне айналу қажеттілігінің алғышарттары жасалады..

Мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасында мерзімді басылымдарда жарияланған мемлекеттегі және әлемдегі ішкі, сыртқы саясат тақырыбы бойынша аутентивті материалдарды түсіну, алынған ақпаратты өзінің кәсіби қызметінде пайдалана білу дағдысын қалыптастыру мақсаты көзделген. Мұндай дағдыларды қалыптастырып, тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін пәнаралық байланыс негізінде дамытудың келесі бір жолы- арнайы мәтіндермен жұмыс болып табылады. Өз оқыту тәжірибемізде пайдаланылатын мәтіндер курста оқытылатын құқықтық пәндермен тікелей байланыстырыла алынады. Себебі терроризммен күресуде болашақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен жоғары деңгейдегі талдау, бағалау, сараптау-сұрыптау дағдылары қалыптасқан, дәл, қажетті және деп кезінде дұрыс шешім қабылдайтын біліктілік талап етіледі.

Күнделікті баспасөз беттерінен, Интернет желісінен сұрыпталып алынған мәтіндер, Қазақстан Республикасындағы терроризмге қарсы күрес мәселелеріне қатысты құжаттардан, сондай-ақ арнаулы оқулықтар мен еңбектерден алынған мәтіндер кәсіби терминологияны игеруге, оқу мәнерінің қалыптасуына, ресми тілдің өзіндік ерекшеліктерін түсінуіне үлес қосады. Оқу мәтіндері тыңдаушылардың анықтамалық әдебиет, сөздікпен жұмыс істеп, салыстыру, талдау жасау арқылы кәсіби сөйлеу тілін дамытудың бірден-бір жолы болып табылады. Осы орайда терроризмге қарсы күреске байланысты Елбасы Н.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» атты еңбегінен алынған «Терроризм дегеннің өзі не?» «Терроризмнің иесі кім?», «Террордың мақсаты қандай?» атты мәтіндерді атауға болады. Мұнда терроризмнің

анықтамасы беріліп, оның таралу себебі, нәсілшілдік, ұлтшылдық, сепаратистік, діни фундаментализм, экстремизм ұғымдары жан-жақты қарастырылған [3,58].

Сонымен қатар, терроризмге қарсы күрестің жаңа әдіс-тәсілдеріне қатысты С.Қ.Әбсаметовтің «Лаңкестік – заман қасіреті» атты мақаласына тоқталайық. Мақала авторы әлемде «лаңкестіктің» жүзден аса анықтамасы бар екендігін айта келе, Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңында берілген анықтамаға назар аударады: «Лаңкестік – жазықсыз адамдарды өлтіру, олардың мүлкіне зиян келтіру, халыққа, қоғамға қауіп төндіретін жарылыс жасау, өрт қою, елдің арасына үрей туғызу, мемлекеттік органдарға күш қолдана отырып өз ықпалдарын жүргізу сияқты толып жатқан қанқұйлы әрекеттердің жиынтығы болып табылады» [4,2]. Мақалада сонымен бірге «діни экстремизм» терминінің қалыптасу тарихы, Қазақстандағы діни ұйымдар қызметі, халықаралық террористік ұйымдар туралы толық ақпарат берілген. Бұл мәліметтер курсанттардың болашақ міндеттерін ойдағыдай орындау үшін жалпы білім деңгейлері, арнайы дайындықтарына, бойларында психологиялық тұрақтылықты, терең ой-өрісті, ар-ұжданды, мәдени ізгі ниетті ерекше қабілеттерді қалыптастырып, дамытуға қосар үлесі зор.

Ә.Муминовтың «Экстремизм мен терроризм – заңсыз әрекет» атты мақаласында осы құбылыстардың пайда болуының ішкі-сыртқы себептері, онымен күресу жолдары қарастырылған. Онда экстремизм, түрлі ағымдағы діни қозғалыстар – Қазақстанның қауіпсіздігіне, территориясының тұтастығына, қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін қылмыстық әрекеттер делінген.

Экономикалық қауіпсіздік саласында мұндай діни қозғалыстар адамдардың материалдық игілігіне, олардың мүліктеріне қол сұғады, яғни олардың іс-әрекеті шын мәнінде халықтың ақша қаражатына ие болуына, алаяқтыққа келіп тіреледі.

Мемлекеттің идеологиялық қауіпсіздігі тұрғысынан алғанда, жаңа діни қозғалыстардың мақсаты - стратегиялық ұлттық мүдделерін жүргізіп, іске асыру болып табылады.

Жаңа діни қозғалыстар елдің саяси қауіпсіздігіне де айтарлықтай қауіп төндіреді, олар конституциялық құрылысты бұзуға, зайырлы мемлекетті шайқалтуға шақырып, өздерінің азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартады. [5,3].

Т.Тәшеновтің «Қазақстандағы тұңғыш террористік әрекет қалай құрықталады» атты мақаласы 1992 жылы 22 ақпанда Қызылорда облысының түрмесінен қашқан қылмыскерлердің жолаушыларды кепілдікке алып, шетелге кету жоспарлары және қауіпсіздік органдары мен басқа құқық қорғау органдарының оларға қарсы бірлесіп жүзеге асырған «Набат» операциясы туралы баяндайды. «Альфа», «Арыстан» арнайы топтарының атқарған іс-әрекеттері, қазіргі заманғы оперативтік-ізвестіру қызметінің әдістерін жан-жақты талдау жұмыстары тыңдаушыларға болашақ қызметтерінде кәсіби қа-

рым-қатынас жасап, тілді пайдалану үшін маңызды болып табылады. [6,2].

Мемлекеттік тілді кәсіби бағытта игертуге байланысты күнделікті оқу үдерісінде қолданылып, тиімділігі анықталған әдістің бір түрі – арнайы оқу фильмдерімен жұмыс болып табылады. «Терроризмге қарсы күрес» тақырыбы бойынша қолданылып жүрген фильмдеріміздің қатарындағы 4 бөлімнен тұратын «Кәдімгі терроризм», «Норд Ост», «Метродағы жарылыс» т.б. фильмдерді атап өтуге болады.

Бұл фильмдермен жұмыс барысында тыңдаушылардың құқықтық пәндер бойынша алған білімдері толықтырылып, сөздік қорлары байытылып, ауызша сөйлеу мен жазбаша тілдері едәуір жетілдіріледі. Тіл үйренушілер кәсіби мамандықтарына тән ұғымдар мен заңдылықтарды іріктеу, топтастыру мүмкіндігіне ие болады. «Арнайы оқу фильмдері тыңдаушыларды мамандықтарына сай байланыстыра сөйлеуге, кәсіптеріне қажетті ақпаратты ала отырып, негізгі деректерді тілдік қарым-қатынаста пайдалануға, қарастырылып отырған мәселеге қатысты өз пікірлерін білдіруді үйретеді, логикалық ойлау дағдыларын дамытады [6,8]. Бұл фильмдермен жұмыс барысында тыңдаушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың кәсіби дайындықтарын жетілдіруге болады.

«Кәдімгі терроризм» атты арнайы оқу фильмі бойынша төмендегі жұмыстар жүзеге асырылады. Фильмде дүние жүзінде орын алған ірі террористік актілері, террористік ұйымдардың қызметі, олардың жетекшілері, құқық қорғау органдары тарапынан оларға қарсы ұйымдастырылған іс-шаралар туралы айтылады. Фильмді көріп болғаннан кейін, курсанттар фильмнің мазмұнын баяндайды, мазмұны бойынша сөздік жұмысы жүргізіледі. Фильм мазмұнын сұрақ-жауап жұмысы арқылы тексеруге болады. Мысалы, төмендегі сұрақтарды топ болып талқылап, пікірлесуді ұйымдастыру:

1. Терроризмнің түп тамыры неде жатыр деп ойлайсыз?
2. Терроризм неліктен өміршең болып табылады?
3. Халықаралық терроризм дегенді қалай түсінесіз?
4. Террорист деген кім? Ол өзінің іс-әрекетінде кімге, неге сүйенеді?

5. Діни экстремизм дегеніміз не?

6. Діни экстремистік ұйымдардың қызметі туралы не білесіз?

7. Еліміздегі терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес деңгейі қандай?

8. «Терроризм шекара таңдамайды» деген тұжырымды қалай түсінесіз?

9. Терроризмнің тарихы жөнінде не білесіздер?

10. «Терроризм шекара таңдамайды» деген тұжырымды қалай түсінесіздер?

11. Терроризмнің туындауының себептері қандай деп ойлайсыздар?

12. Терроризмнің қандай түрлерін білесіздер? Олардың ерекшеліктері неде?

Тақырыптың соңында «Әлем халықтары терроризмді айыптайды» тақырыбында баспасөз конференциясын ұйымдастыру нәтижесінде тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін жетілдіру мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен қатар, «Ұлттық қауіпсіздік органдары терроризмге қарсы күресте» тақырыбында шығарма жазу арқылы тыңдаушылардың жазбаша тілдерін де кәсіби бағытта дамытуға болады.

Қорыта айтсақ, тілдік қатынасқа қатысты іске асатын сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін пәнаралық байланыстар негізінде, тақырып бойынша сабақтастыра, өзара байланыстыра жүргізу нәтижесінде сөздік қорды байыту, аутентивті мәтіндер, арнайы оқу фильмдерімен жұмыс арқылы тыңдаушылардың кәсіби сөйлеу тілін дамыту тиімді болары сөзсіз.

1. Оқу бағдарламасы (мемлекеттік тіл). – Алматы, 2009.

2. Оразакынова Н.А. Пәнаралық байланыс- оқу-тәрбие жұмысын жетілдірудің негізгі жолы. Алматы, 1993

3. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003.

4. Әбсаметов С.Қ. Лаңкестік – заман қасіреті //Егемен Қазақстан, 29 қазан 2003 жыл.

5. Муминов Ә. Экстремизм мен терроризм – заңсыз әрекет //Алматы ақшамы, 26 наурыз, 2009 жыл.

6. Тәшенов Т. Қазақстандағы тұңғыш террористік әрекет қалай құрықталды // Айқын апта, 18 қазан 2007 жыл.

7. Нұркеева С.С. Терроризмге қарсы күрес. Оқу құралы. – Алматы, 2004.

В статье рассматривается вопрос развития профессиональной речи на основе межпредметных связей.

The article deals with problems of developing professional speech of students on the basis of intersubject relations.

Г. К. Тлеубай, А. Н. Космуратова

ОБУЧЕНИЕ РЕЧЕВОЙ КОММУНИКАЦИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ДЕЛОВЫХ ИГР

В условиях всесторонней и глубокой модернизации обучения в высшей школе, в том числе и обучения русскому языку как неродному, актуальной

является проблема повышения эффективности обучения языку и его оптимизации. Проблема необходимости модернизации образования с помощью

новых методов и приемов обучения с использованием современных технологий и инновации получила новый импульс.

В теории и на практике лингвистический принцип как ведущий принцип обучения языку давно уступил место коммуникативному. Целью обучения студентов в вузе является формирование у них коммуникативной компетенции, то есть набора и реализации программ речевого поведения в зависимости от способности человека ориентироваться в обстановке общения. (1)

Особенность обучения русскому языку как неродному в вузе состоит в его ориентации на научный стиль речи, как в области синтаксиса, так и области специальной лексики - терминологии.

Данные целевые принципы обучения русскому языку как неродному - коммуникативный и профильно- ориентированный - выдвигают на первый план деятельностные дидактические средства как важный фактор эффективности учебного процесса.

Чтобы обучить человека анализу ситуаций общения в целом и особенностей своего общения в частности, научить его употреблять слова, выражения, интонации применительно к целям коммуникации, используют различные учебно-методические приемы. Один из таких приемов, позволяющих добиться хороших результатов в овладении видами речевой коммуникации, - разыгрывание ситуаций в сфере деятельности конкретного специалиста, т.е. деловая игра.

Деловая игра на уроках русского языка как неродного - это организация такой учебной речевой деятельности, в основе которой лежит принцип профессионального общения, моделирующий условия профессиональных отношений.

Следует подчеркнуть, что при изучении основ речевой коммуникации с помощью игровых методов, и прежде всего с помощью деловых игр, на первом месте должно быть именно овладение видами речевой деятельности, а через это - и профессией.

Профессиональная цель достигается при имитационном моделировании определенных аспектов профессиональной деятельности. Здесь важно отметить тот факт, что обучаемый, оказываясь в условиях, которые близки к реальным, имеет возможность объективно оценить свои силы и знания, убедиться в необходимости восполнять и совершенствовать их.

Имитационное моделирование, кроме того, способствует укреплению интереса обучаемых к своей будущей профессии. Как отмечает специалист в этой области Дж.Брунер, обеспечить интерес к учебному предмету легко, когда обучение происходит в контексте жизни и действия, но становится трудным, когда обучение носит абстрактный характер.

Общая цель профессионального общения реализуется через различные образцы диалогической и монологической речи. Участники игры в каждой конкретной ситуации должны советоваться друг с другом, возражать, доказывать свою точку

зрения, выслушивать собеседника и стараться его понять.

Основная функция диалогического общения в деловой игре - коммуникативная, но данный вид общения, как отмечал известный психолингвист А.А.Леонтьев, выполняет и диагностическую функцию, которая заключается в том, что «в условиях языковой среды, находясь в тех или иных коммуникативных ситуациях, студент ощущает неадекватность коммуникативной задаче своих языковых знаний (их недостаточность или несоответствие), вследствие чего возникает производная от диагностирующей и коммуникативной функций мотивационная функция, побуждающая обучаемых стремиться к более совершенному овладению общением на русском языке». (2)

В ряде случаев, когда участники деловой игры отстаивают свою точку зрения или выражают свою позицию и мотивируют ее, их речь приобретает монологический характер. Поэтому в систему предваряющих деловую игру упражнений специалисты рекомендуют включать упражнения по обучению монологическим высказываниям, коммуникативная цель которых - убедить партнера по общению в своей правоте, согласиться либо не согласиться с ним, обосновав свою точку зрения.

Общение в ходе игры является в значительной степени неподготовленным и требует быстрой речевой реакции: включения в диалог или высказываний в монологической форме. Поэтому уже усвоенные ранее речевые образцы должны гибко использоваться в новой ситуации. Потребностью участников игры может быть вызвана и активизация пассивно усвоенной лексики или речевых образцов. Таким образом участники игры расширяют сферу своей деятельности.

В процессе деловой игры существенное значение приобретают следующие общеметодические положения.

- Наличие модели социально-экономической системы. Принятое обучаемыми решение не воздействует на модель системы, не изменяет ее состояние, т.е. обучаемые не имеют сведений о последствиях принятых ими решений. Эти последствия рассматриваются гипотетически, умозрительно, как возможные.

- Коллективная выработка решений. Решения принимаются, как правило, в условиях отсутствия конфликта, поскольку все обучаемые выступают как бы в одной, коллективной, групповой роли.

- Многовариантность решений. Этот фактор может порождаться компетентностью обучаемых, различием их приоритетов.

- Единая цель при выработке решений. Вся группа рассматривает одну ситуацию, по которой в общем виде предстоит принять решение.

- Групповое оценивание деятельности обучаемых. Обычно оцениванию подлежит конечный результат, т.е. само решение.